

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СУДЬЯ МӘРТЕБЕСІ

Судьялар корпусы - заң қауымдастығының ең білікті бөлігі.

Судья – беделді мамандық, заңгерлік мансаптың шыңы.

Судьяның құқықтық мәртебесі Конституциямен және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңмен егжей-тегжейлі регламенттелген.

Судьяға сот төрелігін жүзеге асыру өкілеттігі беріледі және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау өз мақсатымен сот билігінің тасымалдаушысы болып табылады.

Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьялар тәуелсіз болады. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыруға араласуға және судьяға қандай да бір ықпал етуге құқығы жоқ.

Судьялар, олардың отбасы мүшелері және мүлкі мемлекеттің қорғауында.

Судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға тұрғын үй беру сот төрелігін толық және тәуелсіз жүзеге асыру үшін жеткілікті мөлшерде республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Судья кемінде 20 жыл жұмыс өтіліне жеткен кезде судья атағын, жеке басына қол сұғылмаушылық кепілдігін және өзге де материалдық және әлеуметтік кепілдіктерді сақтай отырып, отставкаға кетуге құқылы.

Зейнеткерлікке шыққан, зейнеткерлік жасқа толған судьяға судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық жалақысының 50% мөлшерінде ай сайынғы өмір бойы ұстау төленеді.

БІЗДІҢ БАЙНАЛЫСТАРЫМЫЗ:

Ресми сайт:

<https://academy.sud.kz>

Youtube каналы:

<https://www.youtube.com/channel/UCx-A8oPR4M152omzQnsYbQA>

Әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары:

Facebook: <https://www.facebook.com/academy.sud.kz>

Instagram: <https://www.instagram.com/academy.sud.kz>

Қабылдау комиссиясы:

Мекен-жайы: Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 46, 304 ауд.

Тел.: +7 /7172/ 71-08-66, 71-08-50

Моб. тел. (WhatsApp): + 7 771 688 85 17

Жұмыс уақыты:

Дс - Жм сағат 9:00 дан 18:30 дейін, үзіліс (13:00 дан 14:30 дейін)



Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы
жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын, сот жүйесі кадрларын қайта
даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және
ғылыми қызметті жүзеге асыратын ерекше мәртебесі бар
жоғары оқу орны болып табылады.

Академияның «7М042 – Құқық» кадрларды даярлау
бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
саласында (магистратура) білім беру қызметін жүзеге асыруға
2016 жылғы 01 шілдедегі № KZ44LAA00007363
мемлекеттік лицензиясы бар.

Академия Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі
Тәуелсіз агенттікте (IQAA) халықаралық институционалдық
аккредиттеуден өтті.

I. Сот төрелігі академиясының магистратурасында кім оқи алады?

Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар:

- 1) 29 жасқа толуы (2023 жылғы 31 шілдеге дейін)
- 2) жоғары заң білімінің болуы
- 3) қабылдау кезінде заң мамандығы бойынша кем дегенде 4 жыл жұмыс өтілінің болуы

II. Түсу үшін қандай құжаттар қажет??

Мемлекеттік тапсырыс бойынша түсетін мемлекеттік қызметшілер үшін:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін)
- 2) жоғары білім туралы құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (құжатқа қосымшамен бірге)
- 3) жұмыс орнынан басшы қол қойған жолдама
- 4) заң мамандығы бойынша жұмыс өтілі көрсетілген жұмыс орнынан анықтама
- 5) 3x4 см көлемдегі түрлі-түсті фотосурет (екі дана)
- 6) 075/У нысанындағы медициналық анықтама

Ақылы негізде түсетін тұлғалар үшін:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін)
- 2) жоғары білім туралы құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (құжатқа қосымшамен бірге)
- 3) Қазақстан Республикасының еңбек Заңнамасына сәйкес заң мамандығы бойынша еңбек қызметін растайтын құжат
- 4) 3x4 см көлемдегі түрлі-түсті фотосурет (екі дана)
- 5) 075/У нысанындағы медициналық анықтама

III. Құжаттарды қашан және қалай тапсыруға болады?

Құжаттар жұмыс күндері 1 сәуірден 31 шілдеге дейін қабылданады.

Құжаттарды екі жолмен тапсыруға болады:

- ✓ Академияның қабылдау комиссиясына қолма-қол беру
- ✓ «Электрондық басқару» веб-порталы арқылы www.gov.kz

IV. Оқуға түсушілер қандай қабылдау емтихан тапсырады?

Қабылдау емтиханы 3 кезеңнен тұрады:

- 1) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы базасында өткізілетін кешенді тестілеу
- 2) Академияда кейсті (жағдаяттық есепті) шешу
- 3) Академияда эссе жазу

Әр кезеңде үміткер кем дегенде 60 балл алуы керек

Түсу емтиханының 3 кезеңі бойынша кемінде 180 балл алған үміткер конкурсқа қатысады.

V. Академиядағы оқудың қандай артықшылықтары бар?

- ✓ мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушыларға мемлекеттік қызметте жұмыс өтілі сақталады
- ✓ мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушыларға соңғы жұмыс орны бойынша лауазымдық жалақы деңгейінде стипендия белгіленеді
- ✓ біліктілік емтиханы Академияда тапсырылады
- ✓ түлектер сот тағылымдамадан босатылады
- ✓ жатақхана басқа қалалықтарға беріледі (мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушыларға – бәріне, ақылы негізде – мүмкіндігінше)

VI. Оқу процесі қалай ұйымдастырылған?

- ✓ оқыту формасы – күндізгі
- ✓ оқу мерзімі – 1 жыл
- ✓ оқу процесі – тәжірибеге бағдарланған, оның ішінде кәсіптік практика оқу уақытының 2/3 бөлігін құрайды
- ✓ оқытушылар – 3/4 Жоғарғы Сот пен жергілікті соттардың судьялары («Судьялар судьяларды оқытады» қағидаты бойынша)

VII. Академияның қанша түлегі судья болады?

2022 жылғы түлектер қатарынан судья лауазымына:

- ✓ тағайындалған – 40 адам (65 %)
- ✓ ұсынылған және тағайындауды күтуде – 10 адам (16%)

*Егер сіз жігерлі, өршіл, мақсатты және өміріңізді
Заңға және қоғамға қызмет етуге арнауға дайын болсаңыз,
Сізді Сот төрелігі академиясының магистратурасына шақырамыз.
Бұл жерде Сіз судья болу үшін қажетті білім мен дағдыларды аласыз.
Қазақстан соттарында үздіктердің үздіктері жұмыс істеуі тиіс!
Солардың бірі болыңыз! Елдің дамуына өз үлесіңізді қосыңыз!
Біз сізді күтеміз!*